Әйел бейнесі-қоғам бейнесі

“Отбасының жүрегі, алтын діңгегі-ана” депті бұрыңғылар. Ата-бабамыз жалпы әйел адамды жоқтан бар етіп өсірген, ұрпақты тұлға ретінде тәрбилейтін, ел мен елді ұйыстыратын ел ұйытқысы-ана деп қастерлеген. Жалпы ұлылардың ұлағаты, тағылымды өсиеттерінен ана-қоғамды қозғаушы күш, бірлік-тірліктің негізі, ел бейнесін айқындайтын өмір айнасы, халық тұтқасы екендігін терең ұғынамыз. Әйел адамның бейнесі қандай болса, сол елдің бейнесі, салт-дәстүрі сонымен өлшенеді. Қазіргі таңда әйел адамға деген тұрмыстық зорлық-зомбылық қоғам үшін қылмыс емес, үйреншікті жағдай ретінде қалыптасқан. Тіпті адамдар бұл мәселеде әйел адамның өзін кінәлауға дейін барады. Қоғамда, әсіресе қазіргі кезде көрінісін тауып жатқан біздің еліміздегі әйел теңсіздігі мәселесі мені қатты қынжылтады. Бұрыңғы заманнан бастап қазіргі кезде бұл мәселе күшеймесе азаймаған.

Ең қатты қынжылтатыны көп адамдар бұл дауға аса мән бере бермейді, тіпті әйел адамның өзін кінәлап, даттап шығады. Оған себеп қоғамның әйел адамға көрсететін психологиялық қысымы. Әйел адамға лайық мінсіз бейне қоғамда қалыптасып қалғаннан кейін, адамдар сол бейнеге сәйкес сын айтады. Бүгінгі күнде бірде-бір әйел өзін қауіпсіз сезінбейді. Мейлі үйінде болсын, мейлі жұмыста, қоғамдық көлікте, оқу орнында және көпшілік орнында болсын. Біздің құндылықтар жүйесінде гендерлік теңдік пен зорлық-зомбылыққа төзбеу сияқты құндылықтарға орын жоқ. Ғаламтор желісіндегі ақпараттарға сүйенетін болсақ, Италияда 2023 жылы 100-ден аса әйел кісі қолынан қаза тапса, Қазақстанда 400-ден аса әйел қаза тапқан. Қандай да бір зорлық-зомбылық болмасын оның соңы өлімге әкелетінін ұмытпағанымыз жөн. Сондай- ақ тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік күшейді. Биыл екінші тоқсанда 7000 адам жауапқа тартылған болса, төртінші тоқсанда 27 мыңға жеткен. Құқық бұзушылықтың дәл осы түрінің жылдан жылға саны артып, ұлғаюына, жағдайдың ушығуына әлемде болып жатқан оқиғалар мен өзгерістер де үлесін қосып отыр. Биыл жарияланған мәліметтерде әр сағат сайын бестен астам әйел немесе қыз өз отбасы мүшелерінің бірінің қолынан жасалған қысым кезінде қайтыс болады. Өткен жылдағы оқиғалар саны 61277 жеткен. Ал, биыл барлығы 60741 құқық бұзушылыққа әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Осы сан көрсеткіштердің өзі әйелдер мен қыздардың ең қауіпсіз орын болуы өз отбасында қаншалықты қорғансыз екеніне дәлел бола алады. Егер әйел, қыз бала отбасында, ең жақын деген күйеуі, серіктесінің жанында өзін қауіпсіз сезіне алмаса, ол қорғау мен қамқорлықты қайдан алады, қайдан іздейді?

Қанша тырысқанымызбен зорлық-зомбылықты әлі де тыя алмаудамыз. Бұл баршамыздың ащы шындығымыз. Жарқын болашаққа деген сенімімізді осындай мәселелер жойып жіберуі мүмкін. Ата-бабамыз айтқандай “Әйелге ана, балаға дана деп қара”. Адам тәрбиесі мен қоғам бейнесі осы жерден білінеді. Әйелді сыйлаумен қатар балаға берер тәрбие бірге жүреді. Бұл мәселе ортақ, біздің міндетіміз- бұл істі жылы жауып қоймас үшін қоғам болып өз ұстанымызды көрсету. Біздің мақсатымыз әйел адамдар мен қыз баласының маңызын жеткізу. Қазақта сөз бар:

“Әйел жерден шыққан жоқ,
Ол да еркектің баласы.
Ерлер көктен түскен жоқ,
Әйел-оның анасы”- дегеніндей әйел адамның бұл өмірде алатын орны жоғары.

Бәріміз білетіндей, әйелдер мен қыздардың құқықтары адам құқықтарының ажырамас, құрамдас бөлігі болса да көп жағдайда келеңсіз оқиғалар мен төменсіту орын алып жатады. Осы күнге дейін әйел адамның құқығы әділетті қорғалған емес. Ұлы Абай атамыз: “Әйел адам-гүлмен тең”- деп айтып кеткен болатын. Бірақ, қазіргі кезбен салыстыратын болсақ, әйел гүлге емес, тез сынатын шыбыққа ұқсайды. Еркек адам әйелсіз дүниеге келе алмайды, әйелсіз өсе алмайды, өмірін жалғастыра алмайды. Еркекті еркек қылатын да әйел, абыройын асқақтататын да әйел. Әлем нәзік жандылардың арқасында көркеюде. Ісі сәтті жүрген, бақуатты еркектің артында мықты әйел тұрады деп бекер айтпаған.Нәзік жандыларға қатысты зорлық-зомбылық туралы ресми деректер, теңдік пен құқық мәселесі дәстүр мен

әйелдің қоғамдағы таптаурын рөлінің көлеңкесінде қалып қояды. Жалпы айта келе, үй шаруашылығын әйел адамға артып қою дұрыс емес, әке де бала тәрбиесін мықтылап қолға алуы керек. Жоқ, расымен, бұл-қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі. Осының өзі біздің ер балаларда отбасын құруға деген жауапкершіліктің аз екенін көрсетеді. Жасырары жоқ, көп жағдайда әйел құқығын қорғай алмай жатамыз, мінекей осылай зорлық-зомбылыққа жол беріліп кетеді. Біз осыған тікелей ғана емес, тұтас қоғам болып жұмылып тосқауыл қоюымыз қажет. Қандай да бір қыз, олар-кешегі тарихымыздағы болған Домалақ ана, Дарабоз аналарымыздың ізін жалғастырушылар. Сол себептен әйел адамын аялап, құрметтей білейік.Сіз бен біз болып, бұл мәселені тоқтатайық. Мен осы мәселеге белсенді түрде атсалысатын боламын.